

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2018-2020 жылдарға арналған үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын әуе көлігі бөлігінде іске асырудың негізгі бағыттары мен іске асыру кезеңдері жөніндегі іс-шаралар ("жол картасы") жоспарын бекіту туралы

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2017 жылғы 14 тамыздағы № 2 шешімі.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының негізгі бағыттары мен іске асыру кезеңдері туралы" 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 19 шешімінің 3-тармағына сәйкес Еуразиялық үкіметаралық кеңес **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2018-2020 жылдарға арналған үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын әуе көлігі бөлігінде іске асырудың негізгі бағыттары мен іске асыру кезеңдері жөніндегі іс-шаралар ("жол картасы") жоспары (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер және Еуразиялық экономикалық комиссия іс-шаралар жоспарын дер кезінде орындауды қамтамасыз етсін.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің іс-шаралар жоспарын орындау мониторингін жүргізуді қамтамасыз етсін және оның нәтижелері туралы Еуразиялық үкіметаралық кеңесті 2021 жылдың бірінші жарты жылдығында хабардар етсін.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

<i>Армения Республикасынан</i>	<i>Беларусь Республикасынан</i>	<i>Қазақстан Республикасынан</i>	<i>Қырғыз Республикасынан</i>	<i>Ресей Федерациясынан</i>
------------------------------------	-------------------------------------	--------------------------------------	-----------------------------------	---------------------------------